

2023 жылғы
Қыркүйектің
ШЕШІМІМЕР
"БЕКІТІЛГЕН"

**«Тараз Болашақ жоғары медициналық
колледжі»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІГІНІҢ
ЖАРҒЫСЫ**

**УСТАВ
Товарищества с ограниченной
ответственностью
«Высший медицинский колледж Тараз
Болашақ»**

Тараз 2023 жыл.

1.5. Колледж азаматтық заңнамасына, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына, Қазақстан Республикасының Білім туралы заңына, білім беру саласындағы іс-қимылдарды ережелейтін басқа да нормативтік актілерге денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілер және соны жарғы жүргізеді.

1.6. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы студенттердің кәсіби практикалық дағдыларының өтуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган.

1.7. Колледж ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған, заңды тұлға ретіндегі жеке меншік түріндегі білім беретін мекеме. Оның дербес балансынан көрнетін оперативтік басқару құқығындағы өз мүлкі бар. Ол өз атынан азаматтық еңбек және әкімшілік құқықтық қатынастарға араласады, өзінің бүкіл мүлкіні деген дербес мүліктік жауапкершілігі бар, сотқа шағынушы немесе жауапкер ретінде қатыса алады. Оның аты және көрсетілген мөртаңбасы және штампы, Қазақстан Республикасына және басқа мемлекеттердің банкілерінде есеп шоттары бар.

1. ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР.

2.1. Жауапкершіліктің құрылтайшылары:

1. Ералиева Бибикатша, 09 қаңтар 1947ж.т.,туған жері: Туркестан облысы, жеке куәлік № 046622713, ҚР ӘМ, 17.07.2020 жылы берілген, ЖСН 470109401132, Тұрғылықты мекен- жайы: Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қ., Бектурганов 38.

2. Асқаров Канат Пернебаевич, 22 наурыз 1977 ж.т., туган жері Жамбыл облысы, жеке куәлік № 040549967, ҚР ӘМ, 18.08.2016 жылы берілген, ЖСН 770322302462, Тұрғылықты мекен- жайы: Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қ, Бектурганов 38.

3. БІЛІМ БЕРУ ОРНЫНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ФОРМАСЫ ТҮРІ КӨРІНІСІ

3.1 Колледж -орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік, кәсіби орта білім бағдарламасы бойынша мамандар дайындайтын мемлекеттік лицензиясы негізінде іс-қимыл жасайтын, өз қызметі саласындағы жетекші ғылыми және әдістемелік орталық, және меншік мекеме ретіндегі заңды тұлға.

4. ІС ЖҮЗІНЕ АСЫРЫЛАТЫН БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

4.1.0301000 «Емдеу ісі», 0302000 «Мейіргер ісі»,0303000 «Гигиена және эпидемиология», 0305000 «Лабораторлық диагностика»мамандықтары бойынша мамандарды дайындау бағыты Қазақстан Республикасының сауда және индустрия министрлігінің техникалық реттеу және метрология бойынша Комитеттің 2008 жылғы 03 маусымдағы 273-Од бұйрығымен бекітілген орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік кәсіптері мен мамандықтарының классификаторына сәйкес жүргізіледі.

4.2.Оқыту мерзімі:

0301000 «Емдеу ісі»

0301013 «Фельдшер» - 2 ж. 10 ай., 3 ж. 10 ай.

0301023 «Акушер» - 2 ж. 10 ай.

0302000 «Мейіргер ісі»

0302043 «Жалпы практикадағы медбикесі» - 2 ж. 10 ай., 3 ж.

0302022 «Кіші күтім мейрбекесі» - ай., 1 ж. 10

- 0302032 «Уқалаушы» - 1 ж. 10 ай.
0302054 «Мейіргер ісі» біліктілігі «Қолданбалы бакалавриат» 1 ж. 6 ай.
0303000 «Гигиена және эпидемиология»
0303013 «Гигиенист-эпидемиолог» - 2 ж. 10
0305000 «Лабораторлық диагностика» ай.,
0305013 «Медициналық лаборант» - 3ж. 10 ай., 2 ж. 10 ай, 10 ай

5. МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ

5.1 колледж міндеттері:

- орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік, кәсіби орта білім бар мамандарды даярлауды жүзеге асыруға, ұлттық және жалпы адамзаттық байлықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға жасауға және оның кәсібилігін қалыптастыруға бағытталған білімге қажетігі жағдайлар жасауға өз үлесін қосу;
- білім беру бағдарламаларын тиімді игеруге септігін тигізетін оқу үрдістерін (процесстерін) ұйымдастыру және оның әдістерін енгізу;
- жеке адамның дамуына негіздерін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, парасатын байыту;
- азаматтық пен отаншылдыққа, өз отаны Қазақстан Республикасы сүйіспеншілігіне, мемлекеттік рәміздерді сылауға, халықтық салт-дәстүрлерді құрметтеуге, Конституцияға немесе қоғамға қарсы кез-келген әрекеттерге төзуге тәрбиелеу;
- Республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысуға қажеттілікті, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне сапалы көзқарасын қалыптастыру;
- әлемдік және отандық мәдениет жетістікке ортақтастыру, қазақтың және республиканың басқа да халықтарының тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын зерттеу, мемлекеттік орыс және басқа шетел тілдерді меңгеру;
- еңбек рыногында бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау, оларды қайта даярлап білімін көтеру;
- оқудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді акпараттандыру, ауқымды халықаралық коммуникация желілеріне шығу.

6. БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСТЕРІНІҢ МАҚСАТТАРЫ.

- 6.1. Білім беру үрдістерінің мақсаты міндетті және қосымша білім бағдарламаларын орындау:
- техникалық және кәсіптік білім беру;
 - орта білімнен кейінгі білім беру.
- 6.2. Осыларға орай білім беру мынаған бағытталған:
- жеке адамның жалпы мәдениетін қалыптастыру, оны қоғамдағы өмірге бейіндеу, саналы кәсіп, мамандық таңдау, игеру негіздерін жасау;
 - сәйкес кәсіптердегі көп деңгейлі білім беру қызметінің мамандарын даярлау, оқушылардың кәсіптік, жалпы білім деңгейін ұдайы арттырып отыру.

7. ІС-ҚИМЫЛ МАҚСАТЫ.

- 7.1. Осыларға орай Колледж мына деңгейлерде оқу үрдістерін ұйымдастырады:
- техникалық және кәсіптік білім;
 - орта білімнен кейінгі білім,
- 7.2. Ол оқу үрдістерін сапалы оқу-әдістемелік материалдар мен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, типтік және жұмыс жоспарлары) толық қамтамасыз етуге бағытталған оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастырады.
- 7.3. Жеке өз бағдарламаларымен қатар да ғылыми, қоғамдық, сонымен қатар Қазақстан Республикасының басқару органдарының, министрліктердің, ведомствалардың және жалпы мемлекеттік бағдарламалар бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізеді;

жүргізеді, газет жинақтарын шығарады;
- дербес немесе басқа ұйымдармен бірлесіп қайта даярлау, мамандардың білімін көтеру білімдерін жасап, оларды білім беру үрдістерін, ғылыми зерттеулер әдістемелерін жасап, оларды білім беру үрдістерін, ғылыми зерттеулер әдістемелерінің дәрістерін ұйымдастырады.

7.4. Оқытушылар құрамы мен шәкірттер арасында тәрбие жұмыстарын жүргізеді: халыққа құқықтық, экономикалық, техникалық білім беруді насихаттайды.

7.5. Шәкірттерді сапалы кәсіби даярлықтан өткізу, ғылыми зерттеулер нәтижесін енгізу оларды тәжірибелеу үшін заңгерлік клиника, арнаулы зертхана, жаттығу орталығын т.б ұйымдастырады.

7.6. Колледж мемлекеттік құпияларға байланысты жұмыстарды талап ететін мамандықтар даярламайды.

7.7. Лицензия талап ететін іс-әрекеттер лицензияға сәйкес ол алынғаннан кейін жүргізіледі.

8.ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІПТЕРІ.

8.1. Колледжге (оқу деңгейлері бойынша) қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі бекіткен Ережелер және қабылдау комиссиялары туралы ережелер негізінде жүзеге асырылады.

8.2. Колледж шәкірттерді мемлекеттік тапсырыс негізінде, сол сияқты шәкірттерді ақылы оқуға дербес жинау негізінде қабылдауы мүмкін. Дербес қабылдауға жоғары кәсіптік білімді мемлекет қоры есебінен алғысы келмейтіндер таңдалады.

8.3. Күндізгі және сырттай оқыту жөніндегі мемлекеттік тапсырыс негізінде азаматтар үш кезеңде қабылданады:

- бірінші кезеңде - Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі кешенді түрде тест жүргізу арқылы емтихан ұйымдастырып, мемлекеттік куәлік береді; -екінші кезеңде - Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің конкуре комиссиясы мемлекеттік сертификат баллдарының конкурсы бойынша несие белгіленеді немесе білім беру несиеcін алуға құқық беріледі;

- үшінші кезеңде Колледждің қабылдау комиссиясы конкурстық негізде оқушыларды қабылдайды.

8.4. Ақылы негізде оқуға келушілер үшін қабылдау емтихандарын кешенді тестілеу түрінде жүргізіледі.

9.БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСТЕРІ

9.1. Оқу үрдістерін Колледж Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы, орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік, кәсіби орта білім берудің құрылымы туралы Ереже негізінде ұйымдастырады.

9.2. Білім беру бағдарламаларының негізгі мазмұны Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының, біріңғай жоспарлары білім беретін оқу бағдарламалары (оқу әдістемелік жасаған) арқылы жүзеге асырылады.

9.3. Колледж мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының, біріңғай оқу жоспарлары мен білім беретін оқу бағдарламалары мен жоспарлар негізінде жұмыстық оқу жоспарларын, бағдарламаларын жасап бекітеді. Олардың бұған дейінгі даярлығы мен қабілетін, білім алуды аяқтауын есепке алатын жеке оқыту бағдарламаларын жасау да енгізілді.

9.5. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы білім беру қызметін жүзеге асыру уәкілетті орган болып, медициналық ұйымдардың клиникалық деректер базасында жүзеге асырылады.

9.5. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау кеңес беру, әдістемелік практикалық көмек негізінде оқу процесін, сондай-ақ кәсіптік білім беруді басқарады және бақылайды.

- 9.6. Қай тілде оқыту керектігі Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңды күші бар «Тіл туралы» заңдарға сәйкес жүргізіледі. Ал мемлекеттік тіл міндетті оқытылады.
- 9.7. Колледж орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім бағдарламаны игеру үшін оқушыларға қажетті жағдайлар жасайды. Адамгершілікке қарсы, оқытудың адам өмірі денсаулығына қауіпті түрлері қолданылмайды.
- 9.8. Соңғы жылғыдан басқа курстарда жылдық оқу мерзімі 10 ай. Ол 1 қыркүйектен басталып, оқу үрдісінің кестесіне сай аяқталады.
- 9.9. Колледжде оқудың мынандай негізгі түрлері белгіленген: лекция, семинар, практикалық сабақ, зертхана жұмыстары, коллоквиум, оқушылардың дербес жұмысы, жай сабақ, стандарттық емес түрлері, курс жұмысы т.б.
- 9.10. Аудиториялық барлық сабақтарға арналған академиялық уақыт 40 минуттан кем емес.
- 9.11. Колледж білім адамгершілік қағидаларымен, жалпы адамзаттық құндылықтарынан тарайтын тәрбиелік жұмыспен ұштастырылып, оқушылар мен ұстаздардың бірлескен оқуды, ғылыми, шығармашылық, өндірістік жұмыстары арқылы іске асырылады.
- 9.12. Колледжде оқу-тәрбие үрдісі оқушылардың денсаулығын ескере отырып жүргізіледі. Оқушылардың науқастануының алдын алатын, денсаулығын нығайтатын, денелік жаратылысының жетілуіне қажетті шаралар атқарылады. Оқушылардың оқу мөлшері, дәріс режимдері мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, денсаулық, білім орындарының оқу жоспарлары мен кеңестері негізінде дайындалған ереже арқылы белгіленеді.
- 9.13. Колледж ғылыми мектептер мен бағыттар құруға барынша қолдау көрсететін, жас оқытушылар мен оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарын дамытуға ықпал етеді.

10. БІЛІМДІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ, КИІМ ҮЛГІС және ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ

- 10.1. Колледж оқушыларды аттестациялаудың түрлерін кезеңдерін дербес жүргізеді. Аралық бақылау түрлері: шектік бақылау, бақылау жұмысы, реферат, курс жұмысы, есепке алу, дифференциал есептеу, емтихан. Орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім, кәсібі орта білімдердің бағдарламаларын игеру, міндетті қорытынды мемлекеттік аттестациялау арқылы аяқталады.
- 10.2. Білім алушылардың білімі, шеберлігі мен машығы өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық, қанағаттанғысыз, есепке алынды, алынған жоқ деген бағалаулар немесе осыған сәйкес рейтингтік балл арқылы анықталады.
- 10.3. Оқу жоспарының бүкіл талабын орындаған оқушы қорытынды аттестацияға жіберледі. Оның нәтижелері бойынша оған кәсібі орта білім деңгейіндегі білімі туралы құжат беріледі.
- 10.4. Колледж бітірушілерге мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес қорытынды аттестациядан кейін білімі туралы құжат (диплом) береді. сонымен қатар оқытылған тізімі, олардың көлемі және пәндерді қалай меңгергеніне сәйкес балалар арнайы құжатқа (диплома) қосымшада көрсетіледі.
- 10.5. Колледж қолданыстағы заңнамаға сәйкес ішкі тәртіп ережелерін бекітеді.
- 10.6. Колледж студенттері классикалық стильде киім киюі керек: жағасы бар ақ көйлек, қара юбка (ұзындығы тізеден төмен) немесе шалбар және колледж логотипі бар ақ медициналық халат. Формаға әртүрлі дін конфессиялардағы киім элементтерін енгізуге жол берілмейді.

11. АҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТІЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ

- 1.1. Колледж азаматтық-құқықтық келісім-шарт негізінде мынадай ақылы білім беру қызметтерді атқарады: Колледжде күндізгі және кешкі оқыту.
- 11.2. Осы қызметке төлемаксы Қазақстан Республикасының «Төлемдер және ақша аудару туралы», «Валюталық реттеу туралы», «Қазақстан Республикасындағы касса операциялары туралы ережелеріне т.б. нормативтік актілерге сәйкес қабылданады.

12. КОЛЛЕДЖ БЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ НЕМЕСЕ ОЛАРДЫҢ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ АРАҚАТЫНАСЫН РЕТТЕУ.

12.1. Колледж бен оқушылардың арақатынасы қайтарымды білім беру қызметтерін көрсету туралы пайда болады. Онда екі жақтың құқықтары мен міндеттері, шартты орындау барысындағы жауапкершіліктері толық көрініс береді.

12.2. Оқушының жасы 14-ке толмаған жағдайда келісім-шартты оның атынан заңды өкілі (ата-анасы, тәрбиелеушісі, тәрбие мекемесінің өкілі) жасайды.

12.3. 14-18 жас аралығындағы кәмелетке толмағандар колледж бен келісім-шартты өз ата-анасының қамқоршыларының келісімімен жасайды.

13. ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫНЫҢ МЕНШІК НЫСАНДАРЫН ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ.

13.1. Құрылтайшысының Колледждің оралымды басқаруына өткізіп берген жеке меншігіндегі дүние-мүлкі Жарғыда көрсетілген мақсаттарға ғана пайдаланылады.

13.2. Мүлікті басқа мақсаттарға пайдалану құрылтайшысының арнайы рұқсаты арқылы жүзеге ісі асырылып. Колледждің білім беру әрекетіне және мүліктің өзіне зиян келтірмеуі тиіс.

14. БІЛІМ МЕКЕМЕСІНІҢ МЕНШІГІНІҢ ТӘРТІБІ, КОЛЛЕДЖДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ.

14.1. Колледж мүлкі оның балансына құрылтайшысы берген үйлердің, ғимараттардың, оқу үрдістеріне арналған жабдықтар мен ұлттық және шетелдік валюта, құнды қағаз, мүліктік құқық, шығармашылық (зияндылық) қызметтің дәйекті нәтижелеріне құқық есебінен қалыптасады.

14.2. Азаматтық-құқықтық келісім шартты орындау ретінде Колледж иелігінде түскен ақша қоры, басқа да мүліктер оның оралымды басқаруына және құрылтайшының меншігіне бір мезгілде өтеді.

14.3. Колледж құқығы өз еркімен берілген қайырымдылық мүліктеріне, ақшалай қаржыға, демеушіліктен түскен мүліктрге иелікке мүмкіндікке бере алады.

14.4. Оған берілген мүліктер, ақшалай қаржы есебінен Колледж оқу, шаруашылық жағдайларына қажеті орта арнаулы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты орындайтын материалдық-техникалық жабдық жасайды.

15. КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ ПЕН ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ.

15.1. ЖШС-ның қызметінің негізгі мақсаты кіріс алу болып табылады.

15.2. Колледж өзінің негізгі функцияларын жүзеге асыру үшін негізгі қызметке зиян келтірмейтін кәсіпкерлік қызмет түрлерін жүзеге асыра алады.

15.3. Кәсіпкерліктен түскен табыстар жеке есепке алынады және жарғылық мақсаттарды шешуге жұмсалады.

16. ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ

16.1. Колледждің жоғарғы басқарушы органы - құрылтайшылар.

16.2. Колледж құрылтайшысының оны құру, қайта құру, туралы шешім қабылдайды. Бұл жағдайда ол оқушылардың құқықтық кепілдіктерін (ҚР-ның Енбек кодексінде бекітілген), сол сияқты несие берушілердің азаматтық - құқықтық міндеттері жөніндегі құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз етеді.

16.3. Құрылтайшысыны басқару тәртібін Колледждің құрылымы мен органдарының атқаратын істерін белгілейді.

16.4. Жоғарғы басқару органының ерекше құзыретіне мына сұрақтар жатады:

- 1) құрылтай құжаттарына өзгеріс, қосымша енгізу және оны қабылдау;
- 2) өз еркімен ұйымды жою немесе қайта құру; құрылымын және құзыретінің тоқтатылуын анықтайды;
- 3) атқару органының қаржылық беруінің тәртібі мен мерзімін анықтайды;
- 4) заңда көрсетілген шектерде ұйымның құрылуын басқа заңды тұлғалар, сияқты филиалдар мен өкілдіктер құру туралы шешім қабылдайды.

Жоғарғы басқару органының құзыретіне құрылтай құжаттары бойынша басқа да сұрақтар жатқызылуы мүмкін және актілеріне сәйкес болуы тиіс.

16.5. Атқарушы орган (директор) - жоғарғы басқару органы шешетін сұрақтардан басқа ағымдағы іс- әрекетіне байланысты сұрақтарды шешеді.

17. КОЛЛЕДЖ ҚҰРЫЛЫМЫ, БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ, ОЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ.

17.1. Колледж құрамында ережеге сәйкес жұмыс істейтін бөлім меңгерушілері басқаратын бөлімдер сырттай, күндізгі оқу бөлімдерінде бар, әдістемелік Кеңес жұмыстары маман даярлаудың, бөлімдердің пәндер бірлестіктерінің құрылымын, олардың негізгі бағыттарын белгілейді.

17.2. Колледж Педагогикалық Кеңесінің құрамына директор, директордың оқу ісі, тәрбие жұмысы орынбасарлары, бірлестіктерінің төрайымдары, сол сияқты бірлестіктер ұсынған жетекші ұстаздар, ғылыми қызметкерлер, оқушылар, ірі практикалық жұмыскерлер кіреді.

17.3. Директор - Колледждің басшысы, жалғыз атқарушы орган. Оның:

- Қазақстан Республикасы заңында қарастырылған кез-келген құқықтық қатынастарға Колледж атынан сенімхатсыз сөз сөйлеуге;
- оперативті басқару көлемінде Колледж қорын жұмсауға, қаржы тауар иелік қажетті көлемінде Колледж қорын жұмсауға, қаржы тауар иелік құжаттарына қол қоюға;
- штат кестесін бекітуге;
- Колледжге жұмысқа алуға, жұмыстан шығаруға құқығы бар.

18. КОЛЛЕДЖ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ШТАТЫН ЖИНАҚТАУ ТӘРТІБІ, ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ЖАҒДАЙ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

18.1. Штат кестесі мен қызметкерлердің штатын Колледж қажеттіліктер ескере жұмысқа қабылдаудан бас тартуға болмайды отырып (занды қарастырылған дербес жасайды. Заңда тыйым салынған негіздер бойынша

18.2. Қызметкерлерге еңбекақы Қазақстан Республикасының еңбек туралы Заңына, еңбек келісім-шарттарына сәйкес төленеді. Колледж Ережелері бойынша оларға сыйлықақы төленеді. Қызметкерлер мезгілдік материалдық жәрдем алуға құқылы.

18.3. Колледж қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері еңбек заңдарында, ішкі ережелер келісім-шарт жағдайлары, лауазымдық міндеттер арқылы белгіленеді.

19. КОЛЛЕДЖДІ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ

19.1. Колледж Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қайта құрылады немесе таратылады.

19.2. Колледжді тарату немесе қайта құру туралы шешімді тек құрылтайшылар шығара алады.

19.3. Құрылтайшылар Колледж таратылған жағдайда оқушылардың оқуды басқа білім орнында аяқтауына қажет шаралар.

20. КОЛЛЕДЖ ЖАРҒЫСЫН ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ

20.1. Құрылтайшылар осы Жарғыға өзгерістер толықтырулар енгізу туралы ұсыныс жасауға құқығы бар.

20.2. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтайшылардың құзырында.

Құрылтайшылар:

Ералиева Бибикатша

Асқаров Қанат Перебаевты

